

Б.Байқадамовтың есімін есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 1343

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, композитор Б.Байқадамовтың есімін есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі:

1997 жылдың қазанында Алматы қаласында және оның туған жерінде, Арқалық қаласында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, композитор Б.Байқадамовтың 80 жылдың мерейтойына арналған салтанатты мәжілістер мен гала-концерттер өткізсін.

Арқалық қаласында хор музыкасының фестивалін өткізсін.

2. Алматы қаласының әкімі:

қала көшелерінің біріне Б.Байқадамовтың есімін беру туралы мәселені қарасын; композитор тұрған, Алматы қаласындағы Төлебаев көшесіндегі

117-үйдің маңдайшасына мемориалдық тақта орнатсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хор капелласына Б.Байқадамовтың есімі берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған республикалық бюджетте 08 "Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызметтер" функциональдық тобы бойынша көзделген қаражаттың есебінен мерейтойлық салтанаттарды қаржыландыруды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі